

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 шілде N 815

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қостанай облысының әкіміне облыстың оңтүстік аймақтарындағы су тасқыны зақымдаған автожолдарды жөндеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және басқа да күтпеген шығыстарға

көзделген резервінен 130 (бір жүз отыз) миллион теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.